ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ ________________

Астана қаласы

город Астана

2023 жыл 19 қыркүйек № 294

**Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы орынбасарының 2023 жылғы 1 ақпандағы № 23-32-4.3 хаттамасының 3-тармағын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспар бекітілсін.

2. Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаменті осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының назарына жеткізсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары:

1) осы бұйрықты аудандық, қалалық білім бөлімдерінің және ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының назарына жеткізсін;

2) жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі қажетті шаралар қабылдасын;

3) 2023-2024 оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізсін.

4. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығының күші жойылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту вице-министрі Е.Оспанға жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**
**Оқу-ағарту министрі** **Ғ. Бейсембаев**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ

**Б Ұ Й Р Ы Қ**

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

**П Р И К А З**

20__ жылғы «__»____ №____ «____»_____20__ года

Ақтөбе қ. г.Актобе

**Облыстың білім беру ұйымдарында**
***(мектепке дейінгі, орта және кәсіптік-техникалық білім)***
**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу**
**туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:**

1. 2023-2024 оқу жылынан бастап облыстың барлық білім беру ұйымдарында *(мектепке дейінгі, жалпы орта білім беретін және техникалық-кәсіптік білім беру ұйымдары)* **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** енгізілсін.

2. **Облыстық білім басқармасының қосымша білім беру және тәрбие жұмыстары бөлімі:**

2.1. ҚР Оқу –ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» *(әрі қарай – Бағдарлама) (№1 қосымша),* мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен *(№2 қосымша)* және 2023-2024 оқу жылына арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарлардың *(№3 қосымша)* Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларының назарына жеткізуді және Бағдарламаның облыста толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

**3. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары:**

31. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қажетті шаралар қабылдасын.

**4. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдерінің басшылары:**

4.1. Бағдарлама мен жоспарларды меншік түріне қарамастан барлық білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізсін.

5. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145, сәйкесінше облыстық білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрықтарының күші жойылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н. Бертлеуоваға жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басқарма басшысы** **Ж. Сұлтан**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» ММ

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ" ММ

БҰЙРЫҚ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТОБЕ»

ПРИКАЗ

2023 жылғы «21» 09 №303 «21» 09 2023года
Ақтөбе қ. г. Актобе

**Ақтөбе қаласының білім беру ұйымдарында**
**(мектепке дейінгі және орта мектеп)**
**« Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығына, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1.2023-2024 оқу жылынан бастап облыстың барлық білім беру ұйымдарында *(мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру ұйымдары)* **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** енгізілсін.

**2.Ақтөбе қаласы білім беру ұйымдары:**

2.1. ҚР Оқу – ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» *(әрі қарай – Бағдарлама) (№1 қосымша),* мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен *(№2 қосымша)* және 2023-2024 оқу жылына арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарлардың *(№3 қосымша)* Бағдарламаның толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

**3.Ақтөбе қаласы білім бөліміне ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары:**

3.1. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қажетті шаралар қабылдасын.

3.2 Білім беру ұйыдарында мектепішілік бұйрық шығарылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Білім бөлім басшысы М. Қосымбаева

**“Ғ.Ақтаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясы” КММ**

# Б Ұ Й Р Ы Қ

**Ақтөбе қаласы** **№ 145** **«21» қыркүйек 2023 жыл**

**2023– 2024 оқу жылында**
**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы**

**Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы орынбасарының 2023 жылғы 1 ақпандағы № 23-32-4.3 хаттамасының 3-тармағын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жыл 19 қыркүйек № 294 бұйрығы, «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы Ақтөбе облысының білім басқармасының 20.09.2023ж. №398 бұйрығы, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 21.09.2023ж. № 303 бұйрығы негізінде**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1.2023-2024 оқу жылынан бастап «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» КММ-ң «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» (1 қосымшасы), мүдделі мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» (2 қосымшасы) және 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарлардың (№3 қосымшасы) бағдарламаның және әлеуметті тәжірибелер мен жобалар толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

2.1. Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттарын басшылыққа алынсын.

2.2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» (1 қосымшасы), мүдделі мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» (2 қосымшасы) және 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарлардың (№3 қосымшасы) бағдарлама бойынша мектеп ұжымына, МАД, 1-11 сынып жетекшілерге, оқушыларға, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2.3.Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдансын.

3. «Еңбегі адал жас өрен», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Балалар кітапханасы»,«Ұлттық мектеп лигасы», «Ұшқыр ой алаңы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «9 айда 9 іс-шара», «4 тоқсан-4 өнер», «Ата-аналар мектебі» жобалар, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Даналық мектебі» бойынша жұмыстары жүзеге асырылсын.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» басшылыққа ала отырып, 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жұмыс жоспары жасалып бекітілсін;

4.Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.З.Матаеваға, Г.Т.Жүсіпке жүктелсін.

Мектеп-гимназиясы директоры Ж.О.Романова